

Ә.Қ. Таңсықбай 

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*  
(E-mail: [adilet\\_2\\_97@mail.ru](mailto:adilet_2_97@mail.ru))

## Қазақ тілді аудиторияға шағатай тілі лексикасын оқыту жолдары («Бабырнама» мысалында)

**Аңдатпа.** Шағатай тілінде жазылған жазба ескерткіштерді оқып-зерттеу қазақ тілі мен мәдениеті үшін ерекше маңызды. Қазақ тілінің қалыптасып, даму жолы жайлы мәлімет беретін бұл тілде жазылған еңбектердің бірі – XVI ғ. өмір сүріп, Кабул (Ауғанстан), Үндістан мемлекеттерін бағындырып, алып империя негізін қалаған Захириддин Мұхаммед Бабырдың жазып қалдырған өмірбаяндық шығармасы. Бұл мақалада «Бабырнама» еңбегіндегі бейтаныс сөздерді қазақ тілі тұрғысынан оқыту жолдары қарастырылады. «Бабырнамадағы» көнерген және кірме сөздерді меңгеру арқылы білім алушылардың сөздік қоры кеңейіп, тілдік құзыреттілігі артады. Мәтіндегі сөздерді түсіну деңгейін анықтау үшін тестілеу және сауалнама әдістері қолданылды. 28 білім алушы қатысқан зерттеу сынағында мәтінді оқу барысында түсініксіз сөздердің мағынасын контекст арқылы анықтау, сөздіктермен және көрнекілік құралдармен жұмыс жасау сияқты оқыту тәсілдерінің тиімділігі анықталды. Зерттеу нәтижелері оқырман үшін түсініксіз сөздердің мағыналарын анықтауда сөздіктермен жұмыс жасаумен қатар контекстуалды талдау және қазақ тілінен сөздердің баламаларын іздеудің де тиімді тәсіл екенін көрсетті. Бұл зерттеу «Бабырнаманың» лексикасын оқытуда контекстуалды талдау және сөздіктерді қолдану әдістерін ұштастыра қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** шағатай тілі, қазақ тілі, бабырнама, кірме сөз, әдіс, контекстуалды талдау, сөздікпен жұмыс.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-261-271>

Түсті: 21.11.2024; Жөнделді: 05.12.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

### Кіріспе

Қазақстан – Алтын Орда және одан кейін қалыптасқан барша орда-ұлыстардың мұрагері. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев: «Еліміздің өткені, бүгіні мен болашағы оның тарихи мұрасымен тығыз астасып жатыр. Ендеше, Алтын Орда туралы халықаралық аренадағы түсінік Қазақстанмен тікелей байланысты болуы керек» [1, 1], – деп тарихи сабақтастықты сақтаудың және ұрпақ санасында жаңғыртудың маңыздылығын атап өтеді. Ұлт мәдениетінің маңызды бірлігі, оның сақтаушысы тіл екенін ескерсек, Алтын Ордан бері қазақ даласында қолданыста болған, қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына әсер еткен тіл және оның диалекттерін зерттеу өзектілігін аңғарамыз.

Алтын Орда алып территорияны қамтығандықтан, халқы түркі тілінің түрлі сөйленістерінде, негізінен түркі тілінің қыпшақ диалектінде сөйлеген. Ресми тіл ретінде шағатай тілі қолданылды. Ф.Ш. Нуриева салыстырмалы талдау арқылы алтынордалық

әдеби тілінің қыпшақтық койне негізінде қалыптасқанын көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «хорезмдік жазба тіл», «хорезм-алтынордалық жазба тіл», «шығыс түркі тілі», «алтынордамысыр әдеби тілі», «мәмлүк-қыпшақ тілі», «шағатай тілі» сияқты терминдермен түрліше аталып жүрген тілде жазылған жаза ескерткіштерді жан-жақты зерттеген абзал [2].

Шағатай тілі (орта түркі әдеби тілі) – орта ғасырлардың бастапқы кезінде араб әліпбиінде жазылған Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» (XI ғ.), Юсуф Баласағұнның «Құтадғұ білігі» (XI ғ.) шығармаларының тілі және орта ғасырлардың орта тұсында жазылған, XIV-XV ғғ. жазба ескерткіштердің («Мұхаббатнама», «Надж-ул-фарадис», «Оғызнама» т.б.) тілі. Бұл тілдік дәстүр XVIII-XIX ғғ. өзбек, ұйғыр, түрікмен, қазақ, қарақалпақ жазба әдеби тілдерінің қалыптасуына зор ықпалын тигізген [3, 236]. Түркі халықтарының тарихын, тілдерін зерттегенде, қазіргі түркі әдеби тілдерінің нақты негізі не болғаны туралы әртүрлі пікірлердің көп екендігіне таңғалмасқа болмайды. Түркі тілдері жайлы тұжырымдар және олардың жіктелуі екіұштылыққа толы [4, 463]. Қарлұқ, оғыз, қыпшақ тілдерінің араласуы және араб, парсы тілдерінің әсері – шағатай тілі өзіндік ерекшеліктері. Бұл тіл бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ тіл болған. Бұл дәуірдегі әдеби ескерткіштерді түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы деуге болады [5, 73]. Қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуынан сыр шертегін бұл тілдің Қазақстанда оқытылуы кешеуілдеген. Әсіресе өзінің еңбегінде қазақ (*qazaq*) сөзін «батыл», «батыр» мағыналарында жиі қолданып, өзінің Ауғанстан, Үндістан сияқты мемлекеттерді жаулап алу жолын қазақтық (*qazaqlıq*) деп атаған Захириддин Мұхаммед Бабырдың жазба еңбегі ескерілмей келеді. Алғашында шағатай түркі тілінде жазылған Бабырдың өмірбаяны немересі Акбардың бұйрығымен парсы тіліне аударылған. Ол XIX ғасырдың басында Уильям Эрскин мен Джон Лейденнің аудармасы, XX ғасырдың басында Аннет Беверидж аудармасы арқылы ағылшын тілді әлемнің назарына ілікті. «Бабырнама» орыс, француз, өзбек, жапон тілдеріне де аударылған. Бұл сол дәуірдегі Орталық Азия, Ауғанстан және Солтүстік Үндістан әлемін жан-жақты зерттеуге ықпал етті [6, 90]. Император Бабыр жаңа мемлекеттің негізін қалаушы және билеуші ретінде қалыптасқан аймақтың әлеуметтік-тарихи жағдайын сезе білген (яғни өз шығармасына «әлеуметтік сұранысты» дәл анықтаған) және ең бастысы – оны іске асыру үшін барабар көрнекі тілдік құралдарды тапты. Бұған лирик ақын, жазушы және тарихшы таланты көмектесті [7, 124]. Ғылыми айналымда «Бабырнама» деген атпен белгілі жазба ескерткіш XVI ғ. шағатай (түркі) тілінде жазылған. Шығарма тілінің, оның лексикасының қазіргі қазақ тілі контекстінде оқытылу мәселесі бұған дейін арнайы қарастырылмаған.

Жоғары оқу орнында қазақ тілінің лексикасын оқытуға арналған еңбекте Ғ.Ғ. Мұсабаев XVI ғ. жазылған «Бабырнама» мәтінінің қазақ оқырманына түсінікті екенін жеткізеді. Дәлел ретінде мына транскрипциялық үзіндіні келтіреді: «Әдик сұлтандин екі қыз болды. Біріні сұлтан Шейбаниға бердиләр. Біріні сұлтан Сағит ханның ұғлы Рәшит ханға бердиләр. Әдик сұлтандин соң қазақтың ұлусының ханы Қасым хан алды дирләр. Қазақ хан уә сұлтанлары арасында ешкім ол ұлусты Қасым ханша забыт (билеу) қылған емес түр. Черікті үш йүз мыңға йауақ (жуық) жыйнарлар» [8, 35]. Ғалым осындағы «билік жүргізу, реттеу, ұйымдастыру» мағыналы *забыт* (ظَبْن) сөзінің оқырман үшін түсініксіз болмауы ғана мүмкін, қалған сөздерінің бәрі қазақ тілінде сол күйі қолданыста екенін жазады.

Н. Келімбетов: ««Бабыр-наме» кітабы бір кезде қазақтардың да ата-бабаларына ортақ болған орта азиялық әдеби тілде (түркі немесе шағатай тілінде) жазылғаны анық» [9, 205], – деп, мәтіннен үзінділер келтіреді: «Мәселен, Бабыр тауда өсетін тобылғы туралы айта келіп, былай деп жазады: «Тобұлғу йағачы бұ тағларда бар, өзгә хеч йерде бұлмас. Тобұлғу бір йағачедүр, посты қызыл, аса қылурлар қамчы дәстәсі һәм қылурлар, құшларға қапас қылурлар, таруш қылыб тіргәз қылурлар, хейли йақсы йағачдүр. Теберуклук білә йірақ йерлерге елтарлар», – деп жазады. <...> Иә, «Бабыр-намені» бүгінгі қазақ оқырманының түсінуі де онша қиынға соқпайды» [9, 205]. З.Т. Холманованың «Бабырнама» лексикасына жүргізілген статистикалық талдау нәтижелері түсініктілік жайлы осылайша сенімді тұжырымдауға мүмкіндік бермейді: «Түркі тілі сөздері – 61 %, арабша сөздер – 18,7 %,»

парсы-тәжікше сөздер – 17%, моңғол, үнді және басқа тіл бірліктері – 3,3 %» [10, 75]. Осындағы араб-парсы сөздері қазіргі оқырманға түсініксіз деп ойламаған жөн, себебі бұлардың бірқатары (*adab, `aql, jān, rūh, nafs, maḥabbat, nāmūs, niyyat, ṭalab, ṣabr* т.с.с.) қазақ тілі сөздік қорына сол мағыналарында енген. *Bökävül, dulğa, irävül, nökar* т.б. моңғол сөздері де қазақ оқырманына бейтаныс емес. Дей тұрсақ та, осыдан бес ғасыр бұрын жазылған «мәтінді еш қиындықсыз оқуға болады» деген тұжырыммен келісе алмаймыз, себебі олай болса, бұл жазба ескерткіш мәтінін қазіргі оқулықтарда кездестіретін едік.

Зерттеуімізде оқырман үшін түсініксіз сөздер «кірме сөздер», «көнерген сөздер» деп ажыратылып бөлініп қарастырылмаған. Орта ғасырлардағы шағатай тілі үшін бұл категорияларға жататын сөздерді ажырату қиын. Г. Мамырбекова: «Туыстас өзбек, татар т.б. халықтар «кітаби тіл» терминін қолдану былай тұрсын, тарихи жазбаларындағы «бөтендік» сипатты жатсынбай, керісінше «меншіктеп» көне өзбек, көне татар тілі жәдігерлері деп танып келеді» [11, 17], – дейді де, бұның орынды деп есептейді. Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштердің ортақ тілде жазылғандығы мәлім, ал ұлт болып қалыптасқаннан кейінгі кезеңдердегі жазбалар тілінде жекелеген ұлттық сипаттағы тілдік белгілер жүйелі түрде кездесіп отыратыны белгілі. Ол замандағы араб-парсы сөздерінің барлығы қазіргі қазақ тілі үшін «көнерген» деп тұжырымдаудан аулақпыз. Қазіргі оқырман үшін қазіргі қазақ тілінің лексикасына сіңбеген араб-парсы сөздері мен мағынасы күңгірт тартқан төл сөздердің бірдей деңгейде түсініксіз екені ғана ескеріліп жатыр. Таныс емес сөздердің мағынасын контекст және сөздің құрылымы бойынша анықтау (контекстуалды және тілдік болжап табу) және қажетті анықтамалық материалдарды қолданып, мәтіндерді өз бетінше оқып түсіну дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

### Зерттеу әдістері

«Бабырнама» лексикасының түсініктілік деңгейін анықтау мақсатында тестілеу, сауалнама, әңгімелесу әдістері қолданылды. Зерттеудің мақсаты – «Бабырнаманы» оқыту әдістемесін жетілдіру. Бұл мақсатқа сәйкес мәтінді түсініп оқудағы көнерген сөздер мен кірме сөздерді анықтау, оларды мәтін контекстінде түсіндірудің әдіс-тәсілдерін сараптау міндеттері алға қойылған.

Зерттеу сынағына ерікті 17-20 жас аралығындағы 28 білім алушы қатысты. Білім беру бағыты – филология, қазақ тілі мен әдебиеті.

Зерттеу материалы – «Бабырнама» мәтіні. Мәтінді ұсынуда «Бабырнаманың» хайдарабаттық көшірмесінің транскрипциялық нұсқасы қолданылды [12]. Мәтіндегі сөздердің түсініктілік деңгейін анықтау мақсатында 382 бет (*folio*) мәтіннің 15-і: еңбектің басынан, ортасынан және соңынан шамамен 5 беттен (баяндаудың логикалық тұтастығы сақталған) алынды. 3633 сөз қолданысы (1629 бірегей сөз формасы) бар мәтін дайындалды.

28 білім алушы 2 топқа бөлінді: ««А» тобы», ««Б» тобы». Зерттеу сынағының өту мерзімі 2 ай (4 апта – белсенді кезең; келесі 3 апта – бейтарап кезең, сынақтың соңғы аптасы – алған білімді тексеру және қорытынды кезеңі), әр аптада бір кездесу өтті, жалпы – 5 кездесу.

Бірінші аптаның алғашқы кездесуінде екі топқа ортақ кіріспе дәрісі оқылды. Дәрісте зерттеудің жалпы сипаты, мақсат-міндеттері, зерттеу жоспары түсіндірілді (5-10 минут). Дәрісте қолданылған көрнекілік – Бабыр және «Бабырнама» жайлы презентация. Бұл кездесуде алдын-ала іріктелген мәтін ұсынылды. Тапсырма: мәтінді оқу, түсініксіз сөздерді белгілеу. Тапсырма орындау уақыты: 15 минут (+15 минут).

Екінші кездесу. А тобы үшін контекстуалды талдау тәжірбиесі өтті. Ол бойынша жалпы топқа түсініксіз сөздері көп сөйлемдер тақтада көрсетілген. Тапсырма: бұл сөздердің мағынасын анықтауға көмектесетін сөздерді көрсету, талқылау. Білім алушылардың талқылауға қатысуын қамтамасыз ету үшін мәселе сұрақтар қойылды (30 минут). «Б» тобындағы студенттер үшін түсініксіз сөздердің тізімі және ол сөздердің мағыналары берілген лексикографиялық еңбектер ұсынылды. Тапсырма: тізімдегі сөздердің мағыналарын сөздіктер арқылы анықтау. Тапсырма орындау уақыты: 30 минут (+5 минут).

Үшінші кездесу. «А» тобы жаттығуында түсініксіз сөздердің қазіргі қазақ тілінде қолданылу-қолданылмау мәселесіне баса назар аударылады. Түсініксіз сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі баламалары сөздіктерді қолдана отырып іздестіріледі. «Б» тобына түсініксіз сөздер белгілейтін зат-құбылыстарға, ұғымдарға қатысты фото-видеолар ұсынылады. Көрнекілік материалға назар аудару сұралады. Практика уақыты: 30 минут (+5 минут).

Төртінші кездесу. Алған білімдерді бекітуге бағытталған тапсырмалар. А және Б топтарына ортақ тапсырма: 50 сұрақтан тұратын тестті орындау. Тест сұрақтарының мысалы:

«1. *Yūnus Xanning anası Turkistānliǵ Qıpçaq beǵlāridin Temūr Beg ri`āyat qılǵan Šayx Nūruddīn Begning qızı ya nabīrası bolur.* Асты сызылған сөздің мағынасы қандай?

а) ілтипат көрсету; ә) өлтіру; б) алдау; в) алып қашу.

2. *Samarqand šahrī `ajab ārāsta šahrī dur.* Самарқанд қандай қала боп сипатталған?

а) жобасы жақсы, керемет; ә) өте лас; б) алыста орналасқан; в) бұзылған.

3. *Rūstā`iliq* сөзінің мағынасы:

а) әдемілік; ә) ауылбайлық; б) мәдениеттілік; в) қызтекелік.

4. *Āxir at saldım ilǵari yūrūdüm / sūrübān taǵqa yoqqarı yūrūdüm.* Осындағы *sūr-* (сүру) етістігі қандай мағынада қолданылған?

а) өмір сүру; ә) сүйреу; б) айдау; в) қайту.

5. *Mađarratnı daf` qıl-* етістігінің мағынасы:

а) ел алдында өнер көрсету; ә) неке шартын бұзу; б) амалсыздан қашу; в) зарарын қайтару, зиянын жоқ қылу». Бағалау: жалпы – 100 балл, әр дұрыс жауап үшін – 2 балл.

Үш апта уақыт – бейтарап кезең. Ешқандай тапсырма, кездесу болмайды.

Бесінші кездесу. Екі топқа ортақ өткізіледі. Мәтінді қайта оқып шығу тапсырмасы беріледі (10 минут уақыт). Түсініксіз сөздердің мағыналарын меңгеру дәрежесін тексеруге бағытталған тест тапсырмасы беріледі. Тест мазмұны алдында өткізілген тестке негізделеді (сұрақтар реті өзгертілген). Орындалу уақыты: 50 минут. Ауызша түрде кері байланыс алынады. Зерттеу сынағына қатысқаны үшін ризашылық білдіріледі.

«А» және «Б» топтарының нәтижелерін бағалау, статистикалық жұмыс Microsoft Excel бадарламасы арқылы жүргізілді. Түсініксіз сөздердің көлемі сынаққа қатысушылар құрастырған тізімдегі сөздер санының мәтіннің жалпы көлеміне қатынасынан белгіленді.

### Әдебиеттерге шолу

Р. Сыздық: «Ана тілінің тарихын білу әркімге де қажет. Әсіресе «Қазақ әдеби тілі тарихы» атты курс өтілетін университеттер мен педагогикалық институттардың мұғалімдері мен студенттері қазақтың жалпы халықтық тілінің және әдеби тілінің даму тарихын баяндайтын жұмыстарға өте-мөте зәру» [13, 3], – деп жазады.

«Бабырнама» – қазіргі түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ әдеби тілінің ізашары болған шағатай жазба тілінде жазылған әдеби жәдігер болғанымен, қазақ тілі тарихы бойынша оқулықтарда ол жайлы мәлімет аз келтірілген.

Қазақ тілі мен әдебиеті тарихына қатысты оқулықтарда «Бабырнама» атауы кездесіп жүрсе де, оған тиянақты тоқталған ғалым болған жоқ. Әдебиет жағынан алсақ, мәтіннің өзі дүйім оқырманға қолжетімсіз болды. Қазақстан дерекқорларында қолжазбаның өзі де, көшірмесі де жоқ болғаны филологиялық зерттеулердің басты шектеуі болды. 1993 ж. орыс тілінен қазақ тіліне шебер орындалған аударма [14] әдебиет тарихына қатысты материал бола алмайтыны түсінікті. Тіл біліміне келетін болсақ, «Бабырнама» тілдерге (тіл, ауызша тіл, жазбаша тіл, кітаби тіл, халық тілі, әдеби тіл, әдебиет тілі, аралас тіл т.с.с.) қатысты әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан пікір-таластар үстінде тиянақты талданудың орнына, назардан тыс қалды. «Қазақ әдеби тілінің тарихтарында» аты аталса, Науаи ізін қуғандардың қатырында ғана. Қазақ тілінің тарихына қатысы бағасы берілмей, сәйкесінше оқыту саласына да ене қойған жоқ. «Тіл тарихы мен әдебиет тарихының үнемі қатар үзеңгі қағысып, қабат жүріп отыруы мүмкін емес. Тіл тарихына қатысты ескерткіштер әдеби тіл тарихының материалы бола бермейтіні» [15, 10] белгілі. «Бабырнама» ескерткіші қазақ

әдеби тіл тарихының материалы ретінде қарастырылмағандықтан, нәтижелерсіз оқыту ісінде пайдаланбайды.

### Нәтижелер мен талқылау

Алғашқы дәріс Бабыр және оның шығармашылығы жайлы шолу сұрақтардан басталды. Аудиторияның көп бөлігіне «Бабырнама» шығармасы таныс емес екені белгілі болды. Мәтіннің жанры, тілі жайлы жалпы мәлімет берілді. Белгіленген мәтінді оқығаннан кейінгі «түсініксіз сөздер» тізімінің жалпы мәтіндегі мөлшері келесідей болып шықты. «А» тобы үшін (арифметикалық ортасы жуықтап алынды) – 69%, «Б» тобы үшін – 71 %.

Екінші кездесуде «А» тобы контекстіге назар аударып сөздің ықтимал мағынасын анықтау әдісі өткіліген практикаға қатысты. Түсініксіз сөздердің баршасын талқылау мүмкін болмағандықтан, тізімдегі кездейсоқ таңдалған сөздер (10 сөз) талқыланды. Ұжымдық тапсырма, талқылау топтың белсенділігін арттырды. Практикадан соң алынған ауызша кері байланыс бойынша, бұл әдіс оң бағаланды. Түсініксіз сөздерді сөздіктерден іздеп тауып, мағыналарын жазу сияқты жеке орындалатын тапсыраманы алған білім алушылар «А» тобына қарағанда көп сөздің мағынасын анықтады (16~22 сөз). Практикадан кейін алынған кері байланыс бойынша, бұл әдістің бірқатар қиындықтары, кемшіліктері анықталды. Біріншіден, лексикографиялық еңбектердің көпшілігінің шет тілінде жазылуында. Орыс тілінде жазылған сөздіктер [16; 17; 18] қабылдауға қиын болмағанымен, ағылшын тіліндегі сөздіктермен жұмыс жасау баяу жүрді. Екіншіден, ғылымда (әсіресе түркітануда) жазба ескерткіштердегі сөздердің берілу транскрипциясының стандарты болмағандықтан, сынаққа қатысушылар сөздерді кирилл, латын әліпбилері нұсқаларында қатар іздеулеріне тура келді. Бұл практиканың бағалаулары: «жаман емес» (9 адам), «орташа» (2 адам), «жақсы» (2 адам). Бір білім алушы белгілі бір себептермен сынаққа қатыса алмады. Шарттарын сақтай отыра жүргізілген жеке жаттығу бойынша оның тарапынан «орташа» бағаланды.

Үшінші кездесу. «А» тобы қарастыруға берген сөздердің қазақ тіліндегі баламаларын анықтады. 29 сөздің баламасы анықталды. Дерексіз ұғымдарды білдіретін кейбір сөздердің тура баламасын табу қиынға соқты. Мәселен, «разлука» мағыналы *mufāraqat, firāq, hajr* сөздері. Шартты түрде «көріспеу», «жүздеспеу» деп берілді. «Б» тобына түсініксіз сөздер белгілейтін зат-құбылыстарға, ұғымдарға қатысты фото-видеолар ұсынылды. Көрнекілік материалдарды дайындауға ғаламтор мен Midjourney жасанды интеллект құралы қолдалды. Кері байланыс нәтижесінде бұл әдістің артықшылықтары белгілі болды.

Төртінші кездесу және бесінші кездесулер. Сөздік қордың меңгерілуін анықтауға бағытталған 50 сұрақты тест нәтижелері келесідей: «А» тобы – 98% және үш аптадан кейінгі нәтижелер 77%; «Б» тобы – 85% және кейінгі нәтижесі 73%.

«Ramadān ayi tārix-i sekiz yüz toqsan toquzda Farġāna vilāyatıda on iki yašta pādīshāh boldum. Farġāna vilāyatı beşinçi iqlimdın dur. Ma`mūr aning kinārası vāqī` boluptur. Şarqı Kāşġar, ġarbı Samarqand, janūbı Badaxşānning sarġaddı taġları, va şimālida – agarçi burun şāhrlar bar egändür, misl-i Almaliġ va Almatu va Yangı, kim kutubda Utrar bitirlār – Muġul va Özbāg jihātıdın bu tārixda buzuluptur, aşlan ma`mūra qalmaydur» [12, 3] = «Сегіз жүз тоқсан тоғызыншы жылдың рамазын айында Ферғана уәлаятында он екі жаста патша болдым. Ферғана уәлаяты бесінші белдеуде. Өркениет оның шетінде орналасқан. Шығысы – Қашқар, батысы – Самарқанд, оңтүстігі – Бадахшанның шекаралас таулары және солтүстігі – бұрындары қалалар бар еді, мысалы: Алмалық, Алматы, кітаптарда Жаңа деп жазылатын Отырар – моғол мен өзбек кесірінен бұл кезде бұзылып тұр, асылында өркениет қалмаған» сияқты мәліметтен басталатын мәтін бірден оқырманның назарын өзіне аударды. Білім алушыларға бұл үзіндіде сұрақ тудырған сөздер: *магмұр, кинара, вақи болу, шарқ, гарб, жануб, сархадд, шамал, агарчы, жихат*. Бұл сөздерді түсіндіруде екі топ аудиториясы үшін әртүрлі әдіс қолданылды. «А» тобына ең алдымен контекстіге назар аударуға кеңес берілді. Білім алушылар аз уақыт ішінде *шарқ, гарб, жануб, шамал* сөздерінің бағыттарды білдіретінін топонимдерге назар аударып анықтады. *Шамал* сөзінің

қазақ тіліндегі *самал* (самал жел – теріскейден соғатын жел) сөзіне ұқсастығына мән беріп, оның «солтүстік», «теріскей» мағынасында жұмсалғанын алға тартты, көп жағдайда географиялық сипаттауларда бағыт шығыс пен батыс, оңтүстік пен солтүстік антонимиясы түрінде берілгендіктен, *жанубты* «оңтүстік» деп топшылады. *Ғарб* пен *шарқ* сөздерінің қайсысы «батыс», қайсысы «шығыс» екенін дәл анықтай алмады. *Жеті ықылым, ықылым жұрт, ықылым заман* сияқты сөздермен таныс аудитория *ықылым* сөзінің бұл контекстінде кеңістікке, кеңістіктің бір бөлігіне қатысты болуы мүмкін екендігін айтты. Шынында да, *ықылым* – климаттық белдеу. *Мағмұр* сөзіннің мағынасын талқылауда *Отырар* және *бұзылу* сөздеріне назар аударып, оның «бұзылғанға дейінгі қаланың жай-күйін» білдіргенін анықтады, *мағмұра қалмау* «ойрандалу» деп көрсетті. Бірнеше студент Абайдың «... дүниенің мағмұрлығы – бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе» [19, 116] сөзін еске түсіріп, өз пікірлерін жеткізді. Уақыт шектеулігіне байланысты бұл сөзге көп тоқталмадық. «Өңделген, егінді, абаттандырылған» және «мекенделген, халқы бар» мағыналы бұл сөздің Абайдың шығармаларының 1961 жылғы басылымында «қызық», «жақсылық», 2010, 2014 жылғыларында «әлем» деп берілгенін, дұрысы «дүниенің жақсылығы» екенін айтумен шектелдік [20, 105]. Миға шабуыл, пікірлесу әдісін қолдана отырып 10 сөздің мағынасы талқыланды. Бұл сабақ білім алушылардың көңілінен шықты. «Б» тобына сөздіктермен жұмыс жасау тапсырмасы ғана берілді. «А» тобына қарағанда көп сөздің мағынасын (16-22) дұрыс анықтағанымен, таңсық сөздерді меңгеру үдерісі белсенділік, қызығушылық жағынан бәсең өткенге ұқсайды. Бұны кері байланыс мәліметтері көрсетеді. Шектеулі уақыт ішінде (сабақ, семинар, дәріс, факультатив) лексиканы оқытуда тек сөздіктермен жұмыс жүргізу тиімсіз болмақ, міндетті түрде білім алушыларды өз бетінше мағынаны болжауға ынталандыру қажет.

Қазақ тіліндегі дерексіз ұғымдарды білдіретін сөздердің көпшілігі араб-парсы тілінен енгені белгілі (ақыл, жан, рух, махаббат т.б.). Бірқатары қазақ тілінде сақталғанымен, кейбірі сіңісе алмай қолданыстан шықты. Олардың қазақ тіліндегі баламаларын анықтау тапсырмасы берілді. Практикаүстінде *mardak* – адамсымақ, *āsi* – бұзақы, *ayūās* – қыдырымпаз, *angez qilğici* – айдап салушы, *ihitimām* – ынта, *šāšmdāšt* – үміт, *ğarađ* – мақсат т.б. жалпы саны 29 сөзге қазақ тілінен балама сөз табылды. Бұл тұста да контекстіге баса назар аударылған. Білім алушылар аудармашы рөліне еніп, контекстіге қарай «Бұл сөзді қазақша қай сөзбен алмастырса дұрыс болар еді?» деген сұраққа жауап іздеді. Бұл шағатайша сөздермен қатар қазақ тілдік қорымен жұмыс жасауды меңзейді. Кері байланыс мәліметтері бойынша, бұл әдіс те қызық өтті. Басты артықшылығы ретінде өздерінің шығармашылық қабілеттерін таныту мүмкіндігі деп көрсетті. Бұнымен келіспеске болмайды. Осыдан 5 ғасыр бұрын өмір сүрген автор тіліндегі сөздерді қазақшалау білім алушылардың жеке сөздік қорынан да хабар береді. Араб-парсы сөздерін түсіндіруде сонымен бірге орыс, ағылшын тілдерінің сөздерін қолдануға болады. Мысалы, ортағасырлық жазба ескерткіштер тіліндегідей «Бабырнамда» да етістіктердің көп бөлігі «араб я парсы сөзі + модаль етістік» үлгісінде жасалған. Ол үшін білім алушы білетін орыс, ағылшын тілдерінен балама іздестірген жөн. Ұ.Т. Алжанбаева: «Өз ана тілінің грамматикасын жетік білмеген студентке шет тілін меңгеру өте қиын. Алайда бір тілде бар категория екінші бір тілде болмауы мүмкін. Сол себепті араб тілінің грамматикасын үйрету барысында құрылысы жағынан араб тіліне ұқсас орыс, ағылшын сияқты өзге тілдердің грамматикасына да сүйенуге тура келеді» [21, 94]. Мысалы: *hādir bol-* присутствовать, *xātiri jam` bol-* собраться с мыслями, *ta`zūl bol-* быть уволенным, отстраненным т.б. түрінде орыс тілі деректерін кіріктіруге болады.

«А» тобы тек мәтінмен жұмыс жүргізсе, «Б» тобына сөздерді ұсынуда көрнекілік құралдар (презентация, сурет, ЖС салған сурет) ұсынылды. Дерексіз ұғымдарды сурет ретінде көрсетуде Midjourney жасаңды интелект құралы да қолданылды (сурет сипаты ағылшын тілінде енгізілген). Ауғанстан, Үндістанның флора мен фаунасына қатысты экзотикалық заттар (мысалы жемістер, жануарлар, киім-кешек т.б.) бейнеленген суреттерді олардың атауларымен сәйкестендіру жұмысы ұтымды болды. Алайда тізімдегі сөздердің көп бөлігі дерексіз зат есімдер және етістіктер болғандықтан, бұл тәсілді тек қосымша

тәсіл ретінде қолдануға болатынын көрсетті. Яғни көрнекілік құраларды орны-орнымен қолданған абзал.

Сөздік қордың меңгерілуін анықтауға бағытталған 50 сұрақтан тұратын тест нәтижелері келесідей: «А» тобы – 98% және «Б» тобы – 85%. Ақпараттың есте сақталу жайын тексеру, сәйкесінше оқыту әдістемесінің тиімділігін анықтау үшін үш аптадан кейін өткізілген тесттің нәтижелері: «А» тобы – 77% және «Б» тобы – 73%.

Мәтін контекстісі мен қазақ тілі сөздік қорын пайдалану арқылы оқыту әдісі бұл тұста өз артықшылығын айқын көрсетеді. Бұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, адам жүйелі берілген мәліметті жақсы меңгереді. Яғни білім алушы беймәлім сөзді қолдану сипаты арқылы жақсы түсінеді. Ұжыммен талқыланған жаңалық (біздің жағдайда көнелік) жақсы қабылданады. Ең алдымен сөздікпен жұмысқа көшпей, білім алушылардың сыни ойлауына мүмкіндік беретіндей семантикалық болжауды, интуицияны іске асыру ұтымды болмақ. Келесі кезеңде көнерген, шет тілі сөздерін өздерінің ана тіліндегі лексемалармен байланыстыру, салыстыру, теңестіру бұл мәліметтердің нығаюы әсер етеді, себебі аналогия арқылы қабылданған жаңа мәліметті ми жақсы қабылдайды. Контекстіге және ана тілі деректеріне акцент қойылмаған, сөздіктер мен көрнекілік құралдарға сүйенген оқыту тиімділігі де нашар емес. Бірінші тест нәтижелері «А» тобына қолданылған әдістің тиімділігін көрсеткенімен (13%-ға артық көрсеткіш), бұл артықшылық ұзақ сақталмайды. Үш аптадан кейін өткізілген тест нәтижелері (77-73) сөздіктермен жұмыс жасаудың таптырмас тәсіл екенін көрсетеді. Бұл себепті де тарихи әдебиеттерді оқытуда сөздіктерді қолданбай болмайды. Екі топ нәтижелерінің төмендеуі қарастырылған лексемалардың ауызекі сөйлеу тілінде қолданбауынан, заманауи тіл үшін өзексіздігімен түсіндіріледі. Лексиканың тілдің ең өзгермелі қабат екені белгілі. Жаһандану, интернет тұсында көнерген сөздерге қарағанда неологизм, сәнді сөздердің игерілу әлеуеті басымырақ боп көрінеді. *Ta`addi* сөзіне қарағанда *абьюз* (қысым көрсету), *šāyī`* сөзіне қарағанда *хайп*, *тренд* (танымалдық, кең қоданыста болу), *saraḥkanda* сөзіне қарағанда *конфуз* (ыңғайсыз сезімде болу, ұялған болу) сөздерінің игерілу ықтималдығы жоғары. Шағатайша құнды жазба ескерткіштерде тіркелген сөздерді тарихи грамматика, лексикология сияқты сабақтарда оқытуға болады.

Осылайша шағатай тілі лексикасын оқытуда қолданылуы мүмкін әдіс-тәсілдердің жобасы айқындалады. Әр оқыту әдіс-тәсілі пәннің, сабақ формасының ерекшеліктеріне қарай таңдалады және бейімделеді. Қазақ тілі лексикасын оқытуда «шағатай тілі кезеңі» тақырыбын өткен кезде «Бабырнама» мәтінін мысал ретінде алуға болады. Оқыту кезінде сөздіктермен жұмыс, контекстуалды талдау, қазақ тілімен салыстыру тәсілдері орынды қолданылуы қажет, тек біріне (мысалы сөздіктермен жұмысқа) басымдылық берілмеуі тиіс. Ұжымдық тапсырмалар мен оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерді жаңа сөздерді меңгеру үдерісін тиімді етеді, дегенмен бұл артықшылық ұзақ сақталмайды. Бұны көне және жат сөздердің қазіргі заманда қолданылу аясының тарлығымен байланыстыруға болады.

### Қорытынды

Алтын Орда заманына бергі әдеби байлықты қазақ тілі мен әдебиеті контекстінде оқыту – қазіргі заман сұранысы. XVI ғ.әдебиетіне жататын «Бабырнама» сияқты мәтіндерінің қазақ тілі мен мәдениеті үшін маңызы зор. Бұндай көне мәтіндерде қазақ тілінің дамуы мен қалыптасуына, сондай-ақ халықтың мәдениеті мен тарихына қатысты құнды деректер бар. «Бабырнаманы» оқып-үйрену қазақ тілінің байлығы мен көркемдігін терең түсінуге, сөздік қорын молайтып, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу көрсеткендей, қазіргі қазақ оқырманы «Бабырнама» мәтінінде көнерген және кірме сөздердің болуына байланысты мәтінді түсінуде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Дегенмен контекстуалды талдау және сөздіктерді пайдалану сияқты әртүрлі тәсілдерді қолдану мәтінді түсінуді жақсартады. Бұл әдістер білім алушыларға шағатай тілінің күрделі лексикалық элементтерін қазіргі қазақ тілі контекстінде жақсы меңгеріп, түсінуге көмектеседі.

Түсініксіз сөздердің көпшілігі араб-парсы тілдік қабатын құрайтын сөздер болғандықтан, оларды контекстуалды талдау арқылы мағыналарын анықтау тиімді әдіс болып табылады. Аталған тәсіл студенттердің белсенділігін арттырып, мәтін мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Тек сөздіктермен жұмыс жасау студенттердің қызығушылығын төмендетуі мүмкін, сондықтан «Бабырнама» мәтінін оқытуда контекстуалды талдау мен сөздіктерді қолдануды ұштастыратын оқыту әдістемесін құрастыру қажет.

Олай болса, «Бабырнама» сияқты шағатай мәтіндерін оқыту қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын сақтау мен түсінуге ықпал етудің маңызды әрі пайдалы құралы болып табылады.

### Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

### Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысын өткізді // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. [Электронды ресурс]. – 2024 жылғы 15 наурыз. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ulttyk-kuryltaydyn-ushinshi-otyrysyn-otkizdi-152631> (қаралған күні: 12.07.2024)
2. Нуриева Ф.Ш. Общий взгляд на формирование и функционирование золотоордынского литературного языка // Вопросы языкознания. – 2005. – № 6. – 56-66 с.
3. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б.
4. Turaeva R. Linguistic Ambiguities of Uzbek and Classification of Uzbek Dialects // *Anthropos*. – 2015. – Bd. 110, N. 2. – pp. 463-475.
5. Аникеева Т.А. Литература и фольклор тюрков Центральной Азии // *Новый исторический вестник*. – 2010. – С. 73-82.
6. Robinson F. *The Garden of the Eight Paradises: Babur and the Culture of Empire in Central Asia, Afghanistan and India (1483–1530)*. By Stephen F. Dale. (Brill's Inner Asian Library). pp xiii, 520. Leiden, Brill, 2004 // *Journal of the Royal Asiatic Society*. – 2007. – 18(01). – 89-92 p.
7. Дыбо А.В., Насилов Д.М., Амелина М.К. Галине Федоровне Благовой – 85 лет // *Урал-алтайские исследования*. – 2012. – №2 (7). – М.: ИЯ РАН, 2012. – С. 123-130.
8. Мусабаев Г.Г. Современный казахский язык. Часть I. Лексика. – Алматы: АН Казахской ССР, 1959. – 140 с.
9. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы: «Мектеп», 1986. – 214 б.
10. Холманова З.Т. Бобурнома – тил қомуси. – Тошкент: Академнашр, 2021. – 316 б.
11. Мамырбекова Г. Ескі қазақ жазба тілі туралы түсінік // *Түркология*. – 2010. – №3-4. – 16-22 б.
12. Zahiruddin Muhammad Babur Mirza. *The Baburnama: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Turkish transcription, Persian edition and English translation* by W.M. Thackston, Jr. – Cambridge, Ma: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993. – 904 p.
13. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 320 б.
14. Бабыр З.М. Бабырнама / Қазақша сөйлеткен Б. Қожабекұлы. – Алматы: Ататек, 1993. – 448 б.
15. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Мектеп», 1968. – 238 б.
16. Древнетюркский словарь / Ред.: Наделяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М. – Ленинград: «Наука», 1969. – 677 с.
17. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. Т. 1. – Москва: Издательство восточной литературы, 1960. – 819 с.; Т. 2. – М., 1960. – 416 с.



18. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. В 4 томах. – Москва: Издательство восточной литературы, 1963. – 8495 с.

19. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 1995. – 336 б.

20. Түсіпов М.И. Абай сөзі – даналық көзі (философиялық-танымдық еңбек). – Қарағанды, 2020. – 263 б.

21. Алжанбаева Ұ.Т. Араб тілін шет тілі ретінде оқыту // ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – 2011. – №5 (55). – 93-96 б.

**А.К. Tangsykbay**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Methods of teaching Chagatai vocabulary to Kazakh-speaking audience (by the example of “Baburnama”)**

**Abstract.** The study of Chagatai language monuments is crucial for Kazakh language and culture. A significant work in this language is «Baburnama», an autobiographical text by Zahiriddin Muhammad Babur, who conquered Kabul and India, founding a vast empire. This 16th-century work provides valuable insights into the formation and development of the Kazakh language. This article examines teaching methods for unfamiliar words from «Baburnama» in the context of Kazakh language. By studying obsolete and borrowed words, students expand their vocabulary and enhance linguistic competence. A research experiment with 28 students evaluated methods such as contextual analysis, dictionary use, and visual aids to determine the effectiveness of these approaches in understanding complex words. The findings highlight that, alongside dictionaries, contextual analysis and identifying Kazakh equivalents are highly effective for interpreting unfamiliar vocabulary. Combining these methods fosters deeper comprehension of the text and improves students’ language skills. This study shows the importance of combining contextual analysis methods and dictionary usage in teaching Baburnama vocabulary.

**Keywords:** Chagatai language, Kazakh language, Baburnama, borrowed words, teaching methods, contextual analysis, dictionaries.

**А.К. Тансықбай**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Способы преподавания чагатайской лексики казахоязычной аудитории (на примере «Бабурнаме»)**

**Аннотация.** Изучение письменных памятников, написанных на чагатайском языке, имеет большое значение для казахского языка и культуры. Одно из произведений, написанных на этом языке, в котором даны сведения о становлении и развитии казахского языка, относится к XVI веку. «Бабурнаме» – автобиографический труд, написанный Захириддином Мухаммадом Бабуром, который завоевал государства Кабул (Афганистан), Индию и основал огромную империю. В данной статье рассматриваются способы обучения незнакомым словам из произведения в контексте казахского языка. Изучая устаревшие и заимствованные слова из «Бабурнаме», расширяется словарный запас учащихся, а их языковая компетентность повышается. Для определения уровня понимания слов в тексте использовались методы тестирования и анкетирования. В ходе исследовательского эксперимента с участием 28 студентов была определена эффективность таких методов обучения, как определение значения непонятных слов через контекст, работа со словарями и наглядными пособиями во время чтения текста. Результаты исследования показали, что помимо работы со словарями эффективным способом определения значения слов, непонятных читателю, является контекстуальный анализ и поиск

эквивалентов слов из казахского языка. Данное исследование показывает важность совместного использования методов контекстуального анализа и использования словарей при обучении лексики «Бабурнаме».

**Ключевые слова:** чагатайский язык, казахский язык, бабурнаме, заимствованное слово, метод, контекстуальный анализ, работа со словарем.

## References

1. Memleket basshysy Ultyk quryltaidyń yshinshi otyrysın otkizdi [The President held the third meeting of the National Assembly]. Official website of the President of the Republic of Kazakhstan. [Electronic resource] – March 15, 2024. – Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ultyk-quryltaidyń-ushinshi-otyrysın-otkizdi-152631> (accessed 12.07.2024) [in Kazakh]
2. Nurieva F.Sh. Obshchij vzglyad na formirovanie i funkcionirovanie zolotoordynskogo literaturnogo yazyka [A general view of the formation and functioning of the Golden Horde literary language], *Voprosy yazykoznanija* [Questions of Linguistics], 6, 56-66 (2005). [in Russian]
3. Kaliev G. Til bilimi teriminderinin tusindirme sozdigi [An explanatory dictionary of linguistic terms] (*Sozdik-Slovar*, Almaty, 2005, 440 p.). [in Kazakh]
4. Turaeva R. Linguistic Ambiguities of Uzbek and Classification of Uzbek Dialects, *Anthropos*, 110, 2, 463-475 (2015).
5. Anikeeva T.A. Literatura i folklor tyurkov Centralnoi Azii [Literature and Folklore of the Turks of Central Asia, *Novii istoricheskii vestnik* [New Historical Bulletin], 73-82 (2010). [in Russian]
6. Robinson F. The Garden of the Eight Paradises: Babur and the Culture of Empire in Central Asia, Afghanistan and India (1483–1530). By Stephen F. Dale. (Brill's Inner Asian Library). pp xiii, 520. Leiden, Brill, 2004, *Journal of the Royal Asiatic Society*, 18(01), 89-92 (2007).
7. Dybo A.V., Nasilov D.M., Amelina M.K. Galina Fedorovne Blagovoi – 85 let [Galina Fedorovna Blagova is 85 years old], *Ural-Altai Studies*, 2(7), 123-130, (2012). [in Russian]
8. Musabaev G.G. Sovremenniy kazahskiy iazyk. Chast' I. Leksika [Modern Kazakh language. Part I. Vocabulary] (AN Kazahskoi SSR, Almaty, 1959, 140 p.). [in Russian]
9. Kelimbetov N. Kazak adebietinin ejelgi dauiri [Ancient era of Kazakh literature] (Mektep, Almaty, 1986, 214 p.). [in Kazakh]
10. Holmanova Z.T. Boburnoma – til komusi [Vocabulary of «Baburnama»] (Akademnashr, Tashkent, 2021, 316 p.). [in Uzbek].
11. Mamyrbekova G. Eski kazak jazba tili turaly tusinik [An understanding of the old Kazakh written language], *Turkologia*, 3-4, 16-22 (2010). [in Kazakh].
12. Zahiruddin Muhammad Babur Mirza, Thackston, Jr. W.M. The Baburnama: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Turkish transcription, Persian edition and English translation by W.M. Thackston, Jr (Cambridge, Ma, Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993, 904 p.).
13. Syzdykova R. Kazak adebi tilinin tarihy (XV-XIX gasyrlar) [History of the Kazakh literary language (XV-XIX centuries)] (*Ana tili*, Almaty, 1993, 320 p.). [in Kazakh].
14. Babur Z.M. Baburnama / Translated in Kazakh by B. Kozhabekuly (Atatek, Almaty, 1993, 448 p.). [in Kazakh].
15. Balakaev M., Syzdykova R., Zhanpeyisov E. Kazak adebi tilinin tarihy [History of the Kazakh literary language] (Almaty, Mektep, 1968, 238 p.). [in Kazakh].
16. Nadelyaev V.M., Nasilov D.M., Tenishev E.R., Shcherbak A.M. Drevnetyurkskiy slovar' [Old Turkic dictionary] (Leningrad, Nauka, 1969, 677 p.). [in Russian].
17. Budagov L.Z. Sravnitel'nyj slovar' turecko-tatarskiy narechij so vklyucheniem upotrebitel'nejshih slov arabskiy i persidskiy i s perevodom na russkiy yazyk [Comparative dictionary of Turkish-Tatar dialects with the inclusion of the most used Arabic and Persian words and translation into Russian] (Izdatel'stvo vostochnoj literatury, Moskva, 1960, a. 819 p.; b. 416 p.). [in Russian].
18. Radlov V.V. Opyt slovarya tyurkskiy narechij. V 4 tomah [Experience of a dictionary of Turkic dialects. 4 volumes] (Izdatel'stvo vostochnoj literatury, Moscow, 1963, 8495 p.). [in Russian].
19. Kunanbaiuly A. Shygarmalarynyn eki tomdyk tolyk jinagy. T. 1: Olender men audarmalar [Two-volume work. V.1: Poems and translations] (Jazushy, Almaty, 1995, 336 p.). [in Kazakh].

20. Tusipov M.I. Abai sozı – danalyk kozi (filosofialyk-tanymdyk enbek) [Abai's word is a source of wisdom (philosophical and cognitive work)] (Karagandy, 2020, 263 p.). [in Kazakh].

21. Aljanbaeva U.T. Arab tilin shet tili retinde okytu [Teaching Arabic as a foreign language], International Relations and International Law Journal, 5 (55), 93-96 (2011). [in Kazakh]

#### Автор туралы мәлімет:

**Таңсықбай Ә.Қ.** – корреспонденция үшін автор, қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қажымұқан к., 11, 010010, e-mail: adilet\_2\_97@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9929-1685>

**Tansykbay A.K.** – corresponding author, doctoral student of the Department of Kazakh Linguistics of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana, Kazhymukan str., 11, 010010, e-mail: adilet\_2\_97@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9929-1685>

**Таңсықбай А.К.** – автор для корреспонденции, докторант кафедры казахского языкознания ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана, ул. Кажымукана, 11, 010010, e-mail: adilet\_2\_97@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9929-1685>



**Copyright:** © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).